



Сыр бойы

№36
(19714)
12 НАУРЫЗ,
СЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ



IT-ECHELON: JAŃA
BAǒYTTAǒY
JEMISTI JOVA

2 >>



JALǒAN AQSHA
JASAÝSHYLAR
JAZASYN ALDY

3 >>



КРАСНОЯРСК ЖӘНЕ
КҮМИС МЕДАЛЬ

Ресейдің
Красноярск
қаласында
өткен қысқы
универсиадада
мәнерлеп
сырғанаудан
қыздар арасындағы
сайыста Элизабет
Тұрсынбаева күміс
жұлдегер атанды.

МАЈІЛІС

ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУ МАҢЫЗДЫ

Қызылордада «Үлгілі ауыл» конкурсының нәтижесі белгілі болды. Аппарат мәжілісінде жеңімпаздарды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев марапаттады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Конкурс Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Туған жер» бағыты аясында аймақ басшысының бастама-сымен өткізілді. Мақсат – қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жұртшылықтың жан-жақты қатысуын қамтамасыз ету. Арнайы жұмыс комиссиясы бағалау барысында көгалдандыру, абаттандыру шаралары мен санитарлық тазалықтың жай-күйін назарға алды.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының башысы Айдар Әбуәліевтің айтуынша, конкурста қалалық, аудандық кезеңде озық шыққан барлығы 13 елді мекен қатысқан. Олардың арасынан тірек ауылдық елді мекендер санаты бойынша Қазылы ауданының Жанқожа батыр ауылы, ауылдық елді мекендер санатында Қызылорда қаласының Ақсуат ауылы алдыңғы шепте көрінді. Қос ауылдың әкімдеріне аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев 10 млн теңгенің сертификатын табыс етті. Өзге орындар мен ынталандыру сыйлығы үшін де қаржылай сыйақы берілді.

Жеңімпаз атанған ауылдар сыйақының 80 процентін көгалдандыру, абаттандыру, инфрақұрылымды дамыту шараларына, қалған бөлігін мектеп, балабақша, клуб, амбулатория секілді әлеуметтік нысандардың қа-



жеттіліктеріне бағыттауы тиіс. Конкурс жыл сайын ұйымдастырылады, – деді облыс әкімі.

Одан бөлек, халық арасында бұқаралық спорт түрлерін дамыту, саулауатты өмір салтын насихаттау, тұрғындарды спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту мақсатында ұйымдастырылған облыстық байқаудың 2018 жылғы қорытындысы жариялан-

ды. Соған сәйкес I орынға Қызылорда қаласы, II орынға Жанақорған, III орынға Шиелі аудандары лайық деп танылды.

Айта кетейік, былтыр облыстық бюджет қаржысы есебінен 7 елді мекенде спорттық кешендер салынды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында жеке инвесторлар 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салып берді. Об-

лыс орталығындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінің жанынан ашық жүзу бассейні ашылып, «Евразия» спорт кешенінің бассейні қайта жаңғыртылды. Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионы қайта жаңғырту жұмысы маусым айында аяқталмақ.

Аппарат мәжілісінде қаралған негізгі мәселелердің бірі 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік «Нәтижелі жұмыс-

пен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының іске асырылу барысы болды. Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы башысының міндетін атқарушы Гаухар Қалмақова хабарлағандай, былтыр бағдарламада межелеген барлық көрсеткішке қол жеткізілді.

2-бет.

«СБ» ақпарат.

EMEN-JARQYN JÚZDESÝ

ЖІГЕРЛІ ЖАСҚА ЖОЛ АШЫҚ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақтағы белсенді жастар, жас мамандар, студенттер және мектеп оқушыларымен кездесті. Еркін форматта өткен жиында аймақ басшысы жаңа заман талабы, қазіргі жастардың мүмкіндігі туралы кеңінен сөз қозғады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Атап айтқанда, тәуелсіз елдің іргетасын қалау, тіл, ұлт құндылығы мәселесі аға буынның жауапкершілігінде болғанмен, еркін елдің болашағын баянды ету жастардың қолында екенін атап өтті. «Бодандықтың өкініші, тәуелсіздіктің жауапкершілігі көп» екенін, жастарға қажырлы еңбек, қалтқысыз қызметті серік ету керекін жеткізді. Жиында ақын Мұхтар Ниязов пен Бағлан Аманбекұлы облыс әкіміне сауал қоюға мүмкіндік алды.

Кездесуде жастар өз сұраулары бойынша қашанда қызметі

қауырт, аймақтың ауқымды да іргелі істерінің шешімін табуына ықпал ететін аймақ басшысының жұмыс кестесімен танысты. Ерен еңбек, тынымсыз тірлік алаңында жүретін облыс әкіміне рухани ұстаным, бала күнгі естеліктері мен жеке тұлғаның қалыптасуы туралы алуан түрлі сауалдар қойылды. Қырымбек Елеуұлы әр адам қашанда «Жаным – арымның садағасы» деген аталы сөзді жиі қайталап, «сасқанға сая, асқанға тосқан» болуға тырысып, ісіне адалдықпен, жұмысына жауапкершілікпен қараса, елге елеулі, жұртқа қадірлі болатынын нақтылап өтті. Ал бала күнгі сәттерден сыр тартқан жастарға, оқушы кезінде математика мен әдебиет пәндерінен үздік болғанын айтып берді. Айтуынша, алғашқы өлеңдері мен шығармалары «Лениншіл жас», «Балдырған» басылымдарына жарияланып жүрген талантты әдебиет пәнінің мұғалімі ақындыққа, математик мұғалім есепке жүйрік маман даярлаймын деп, тіпті өзара келіспей қалады екен. Ұстазға деген құрметтің жоғарылығы соншалық, қыстың қақаған суығында да сынып жетекшісінің алдынан кесе өтпей, күтін тұрған сәттерді есіне алды.

Бүгінде инвестиция игергенге игілік екенін айтып, облыстағы қаржының басым бөлігі әлеуметтік салаларға, адами ресурстың дамуына бөлінетінін айтты. Қазіргі кезде Қызылорда – еліміз бойынша әлеуметтік салаға ең көп қаржы бөліп отырған аймақ. Өңірде жастардың өзекті мәселелері жұмысқа орналасу, тұрғын үй, білім беру, денсаулық сақтау, уақытты тиімді пайдалану мәселелері бойынша тиімді жобалар қарастырылған. Аймақта сандық технология мен инновациялық өндіріс мамандықтары бойынша тұлғаларды оқыту жолға қойылған. Атап өтсек, 2014 жылдан бастап Сыр елі мектептерінің үздік оқушылары отандық және Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды. Өткен жылы алғашқы 74 жас маман Ресейдің алдыңғы қатарлы инженерлік оқу орындарын аяқтаса, оның 29-ы аймақтың түрлі өнеркәсібінде еңбек жолын бастап, 45-і магистратурада оқуын жалғастыруда. Биылғы жылдан бастап ауылдық жерлердегі аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан дарынды тұлғаларға арналған облыс әкімінің гранттарының саны екі есеге артты. Олардың 70 проценті IT сала мамандықтарына бөлінген. Бүгінгі таңда грант иегерлерінің саны 900-ге жуықтапты.

Сондай-ақ, облыс әкімі бүгінде жастарға ең қажетті дүние – кәсіпкерлікті игеру екенін айтып, облыста кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы жарияланғанын атап өтті. Бизнесі дамыту тұрақты жұмыс орнының ашылуына, салықтық базаның нығайтылуына, қоғамдық саяси-тұрақтылықтың қалыптасуына әсер ететінін баса айтып, шын кіріскен адамға шешілмейтін түйін болмайтынын, жауапкершілігі мол, жігерлі жасқа жол ашық екенін жеткізді.

Сыр өңірінде жекеменшік медицинаны дамыту ісі қарқынды жүріп жатыр. Аймақтағы жеке клиникалар мемлекеттік тапсырыс аясында тұрғындарды тегін қабылдауда. Солардың қатарында Жалағаш кентіндегі «Ақ Сұңқар-Ж» клиникасы бар.

Ержан ҚОЖАСОВ.

«АҚ СҰҢҚАРДЫҢ» АСУЫ БИІК

Емхана есігінен енгеннен жылы жүзбен қарсы алған біздің кейіпкердің есімі Ләззат екен. Жалағаштың Бұқарбай батыр ауылының тумасы әуелі облыс орталығындағы жоғары медициналық колледжін үздік бітіріп, 1993 жылы Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медициналық институттың түлегі атаныпты. 2001 жылы жоғары білімді дәрігер болып туған жеріне қайта оралған Ләззат аудандық ауруханада табан аудармастан 16 жыл дәрігер болыпты. Институтты жаңа бітіріп келген түлек әуелі жансақтау бөлімінде дәрігер, терапия бөлімінің меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, ультрадыбыстық зерттеу дәрігері қызметін атқарып, сол жылдары саланың барлық қыр-сырын меңгерген. Ұзақ жылғы тәжірибе жеке орталық ашуға негіз болды.

Ультрадыбыстық зерттеу орталығын құрып, жеке клиника ашуға себеп – кәсіпкерлерге арналған түрлі бағдарламалар мен реформалар болды. Елбасы Жолдауында айтып көрсеткендей, аймақ тұрғындарының денсаулығын жақсарту бойынша өз ісінді бастамаққа бел будым. Оның алдында 2015 жылы елімізде «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі туралы» заң қабылданғаны да бұл ойымды бекіте түсті. Ондағы мақсат – мемлекет пен жеке сектор арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастықты нығайту болатын. Жолдасымның қолдауымен осы ғимаратты сатып алып, қайта жөндеуден өткіздік. Медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Тегін несиесіз алғанмын. Оған ультрадыбыстық зерттеу аппаратын алдырдық. Қосымша құрылғылар ежелінді. Алынған аппарат арқылы бүйрек, бауыр, өт және қуық жасқаралды.

Емхана башысының айтуынша,



жекеменшік әріптестік аясында келісім-шарт жасалып, кәсіпкер емханаға қажетті құрал-жабдықтар сатып алады. Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің қолға алына бастағаны тұрғындар үшін де, дәрігерлер үшін де тиімді. Жаңа заманның медициналық құрал-жабдықтарының келуімен емдеу сапасы жақсаралды.

Облыстағы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының қолдауымен арнайы «РИЦ» бағдарламасы арқылы былтыр тамыз айында 10 миллион теңге несиесіз алғанмын. Оған ультрадыбыстық зерттеу аппаратын алдырдық. Қосымша құрылғылар ежелінді. Алынған аппарат арқылы бүйрек, бауыр, өт және қуық кабы, жүктілік бойынша, жатыр ауру-

лары, сүт безі, ұйқы безі, кіші жамбас органдары, тағы басқа ауруларға зерттеу жүргізіп отырмыз. Мемлекеттік тапсырыс арқылы келісім-шартпен тегін ем жүргізетін он орындық күндізгі стационардың жұмысы осы. Былтыр осы бағдарлама аясында біз 600-ге жуық тұрғынға ем көрсеттік. Келешекте екі-қабаты нысан тұрғызып, толықтай жатып ем алатын толықтай емхана салсам деген жоспарым бар, – дейді кәсіпкер-дәрігер Ләззат.

Айта кету керек, дәл осындай тегін көмек көрсететін жеке емдеу орталығы аудандар арасында Жалағаш және

Арал ауданында ғана өз жұмысын бастаған. Біз барған Жалағаштағы кәсіпкер-дәрігер өзімен бірге тұрақты 4 адамды жұмыспен қамтып отыр. Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал ақптарын тіркеу бөлімі арқылы арнайы жолдамамен келген мейірбикелерге бар білгенін де үйретіп жүр.

Бас ауырып, балтыр сыздаса осы кызға көрінемін. Ләззаттың білікті дәрігер екенін бүкіл Жалағаш біледі ғой, – дейді Бұқарбай батыр ауылынан келген зейнеткер Роза Табынбаева.

Осылай «стуган жерге түйенді тік» деген аталы сөзді ұстанған Л.Кәріпова дертіне шипа іздеген ағайынның қасынан табылып жүр.



МҮНДАЙ ҚОЛДАУҒА ҚУАНАМЫЗ

«Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде Мемлекет басшысы Қазақстандағы әр отбасының әл-ауқаты ерекше назарда болатынын айтып өтті. Оның ішінде, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мәселесін түбегейлі шешу үшін елімізді әлеуметтік саясатқа баса мән беріп отырғанын жеткізді.

Әсіресе, мүгедек бала асырап отырған ата-аналардың жәрдемақысын 30 процентке көбейту жөніндегі Елбасы тапсырмасы қаншама отбасыны бір серпілтіп тастады. Әрбір ата-ананың мақсаты дені сау ұрпақ тәрбиелеу болса, мұндай көмектер қашанда зор қолдау болып табылады.

Әлеуметтік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы көмекке аса мұқтаж және көпбалалы отбасылардың әлеуметтік көмек алуын жеделдетуді тапсырды. Бұл шешім біздің елімізде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесіне бірінші кезекте көңіл бөлетінін көрсетіп отыр.

Мұрат ЖҰМАДІЛДАЕВ,
облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы.

ОТБАСЫМА ҮМІТ СӘУЛЕСІН СЫЙЛАДЫ

Елбасы «Нұр Отан» партиясының жақында өткен XVIII съезінде тұрмысы нашар және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тұрғындарға қолдау көрсету туралы баса айтқан еді. Бір қуанышты, бұл бастама жедел түрде жүзеге асырылды.

Мен өзім жалғызбасты анамын. Екі балам мүгедек. Елбасының біз сияқты отбасыларға жәрдемақыны 30 процентке көбейту жөніндегі бастамасы менің отбасыма үміт сәулесін сыйлады.

Мемлекеттің бұл қолдауының тұрмысымын түзелуіне көп көмегі тиеріне сенімдімін

Толқын БАЙМАХАНОВА.

БАҚУАТТЫ ҚОҒАМҒА БЕТБҰРЫС

Ақпанның 27-сі күні өткен «Нұр Отан» партиясының съезінде Елбасы аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібі жайында елеулі мемлекеттік бастамалар ұсынды. Содан бері әлеуметтік көмекке қатысты сауалдардың легі толастамай тұр. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне қарағанда, біздің өңірімізде 35 мыңнан астам көпбалалы ана бар. Көмекке толмаған 4 және одан көп баласы бар отбасылардың саны 18,5 мыңнан асады.

Қазіргі кезде аудандар мен Қызылорда қаласында құрылған арнайы комиссиялар аулаларды аралап, көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың жағдайымен танысып, оларға ең бірінші кезекте қандай көмек қажет екенін анықталады. Бүгінгі күнге 2356 отбасының, тұрмыстық жағдайы зерттеліп, әлеуметтік қаржысы жасақталуда. Ол әрбірінші қажеттілігін, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын бағалауды көздейді.

Жаңа бастамалар ең алдымен халықтың әл-ауқатын жақсартуға тиімді ықпал етеді. Біріншіден, 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийі ең төменгі күнкөрсетіс деңгейінің 50 процентінен 70 процентке дейін көтеріледі.

Екіншіден, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаған кезде отбасының жиынтық табысынан

көпбалалы отбасыларға және «Күміс алқа», «Алтын алқа» төсбелгілерімен марапатталған және көпбалалы аналарға төленетін мемлекеттік жәрдемақылар, сондай-ақ, балаларға арналған мүгедектігі бойынша жәрдемақылар, стипендия алып тасталады. Аз қамтылған отбасы балаларына (18 жасқа дейін, оқыған жағдайда 23 жасқа дейін) ай сайын 20 789 теңге кепілдендірілген көмек төленетін болады.

Үшіншіден, сұратылатын құжаттарды оңтайландыру арқылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындау рәсімі жеңілдетіледі. Осылайша, ақпараттық жүйелерде мәліметтер (туу туралы куәлік, жеке куәлігі, т.б.) болмаған жағдайда халықты жұмыспен қамту орталықтары немесе ауылдық округтердің және кенттердің әкімдері тиісті мемлекеттік органдардан қажетті құжаттарды сұратады. Бұл үшін Е-халық ақпарат жүйесі пайдаланылатын болады.

Елбасы, сондай-ақ, мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға қамқоршылар мен отбасыларға жәрдемақыны 30 процентке көтеруді тапсырды. Нәтижесінде, облыс бойынша атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылатын адамдардың саны 2 есеге дейін көбеймек. Былдан бастап 5529 мүгедек бала тәрбиелеп отырған жәрдемақы алушылардың жәрдемақы мөлшері 31183 теңгеден 40538 теңгеге арттырылады. Ол үшін қо-

сымша құжат рәсімдеу қажет емес.

Сонымен қатар, көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік қолдау мақсатында 21 ақпандан бүгінгі күнге дейін аудан және қала әкімдерінің ұйымдастыруымен қайырымдылық акциялары өткізіліп отыр. Ақция барысында 2400-ден астам отбасына 50,1 млн теңгеге қайырымдылық көмектері көрсетілді. Наурыздың 4-нен бастап жергілікті өкілетті орган өкілдері облыстық басқармалар, аумақтық департаменттер мен инспекциялар қайырымдылық акцияларды жалғастырады. Ақция 22 наурызға дейін жалғасады.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға республикалық және жергілікті бюджет есебінен қосымша қолдау шараларын көрсету үшін 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік әлеуметтік Жол картасының жобасы әзірленді. Жол картасына қосымша әлеуметтік қолдаулар, мектеп жасындағы балалардың қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүруі, ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтылуы, мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуын субсидиялау, дәрі-дәрмекпен және тұрғын үймен қамтылу мәселелері енгізілді.

«СБ» ақпарат.

ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУ МАҢЫЗДЫ

— Осы жылдың басында әлеуметтік мәртебесі нақтыланбаған 113805 адамның 78189-ы немесе 68,5%-і өзектендірілді. Оның 30723-і — тіркелмеген жұмыссыздар, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар және жеке қосалқы шаруашылыққа еңбек ететіндер. Биыл 35616 адамның мәртебесін анықтап, өзектендіру жоспарланып отыр, — деді Г.Қалмақова.

Тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізіліп жатыр. Ең төменгі күнкөрсетіс шегінің 50 проценттен 70 процент-

ке дейін көбеюіне байланысты жәрдемақы алушылар саны екі есе артты. Бала кезінен I топтағы мүгедек ұл-қызды бағып отырған 5529 қызылордалықтың жәрдемақысы 30 процентке көбейді.

Облыс әкімі осы ретте еліміздің негізгі әлеуметтік саясаты 3 бағытта дамитынын атап өтті. Олар — табысты арттыру және халықтың аз қамтылған топтарын қолдау, табысы төмен азаматтардың баспана мәселесін шешу және білім беру, денсаулық сақтау саласы мен өңірлерді кешенді дамыту.

— Елімізде көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасыларға I сәуірден бастап әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Сондықтан жұртшылық арасында шиеленіс жағдайын болдырмау мақсатында түсіндірме шараларын өз деңгейінде жүргізіп, халықпен тығыз байланыста болуымыз керек. Тұрғындармен конструктивті диалог орнату маңызды, — деді аймақ басшысы.

Көктем мезгілінің келуімен бірге Сырдария өзенінің арнасында мұздың жүруі басталды. Болуы ықтимал су тасқыны қаупі жылдағыдай басты назарда. Азаматтық қорғау қызметінің барлық түрі қауіп сөйілгенге дейін күшейтілген режимде жұмыс істейді.

Маңызды мәселе жөнінде баяндама жасаған облыстық жұмылдыру дайындығы

басқармасының басшысы Асылбек Шөменов:

— Қазіргі кезде «Шарлара» су қоймасында 4 млрд 770 млн, «Көксарай» су реттегішінде 2 млрд 86 млн текше метр су жиналған. Облыс аумағына секундына 120 текше метр су келіп жатыр. Арал, Қазалыдан басқа аудандар мен Қызылорда қаласында өзен беті таза. Екі аудан аумағындағы мұздың орташа қалыңдығы — 10-40 сантиметр аралығында, — деді.

Өткен жылы маусым айының үшінші онкүндігінен бастап жергілікті дикан қауымы су ташылығын сезген еді. Аймақ басшысы вегетациялық кезеңде биыл да бұл жағдай қайталанбайтынына кепілдік

жоқ екенін атап өтті.


Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Индира Ақжігітова күн тәртібіндегі келесі жайт — мемлекеттік органдардың интернет ресурсын мониторингілеу нәтижесі туралы сөз етті. Интернет ресурсын бағалау аудармаларының жөнінен Арал, Жалағаш, Шиелі аудандары үш жылдан бері аутсайдер қатарынан түспей келе жатқанын, мемлекеттік органдардың ашықтығында бірқатар проблемалар барын жеткізді.

Облыс әкімі жоғарыда аталған мәселелерге қатысты жауапты құрылымдарға міндеттер жүктеп, тапсырмалар берді.

IT-ECHELON: ЖАҢА БАҒЫТТАҒЫ ЖЕМІСТІ ЖОБА

Бүгінгі заман ақпараттық технологиялар кезеңі. Осы сала бойынша алға озып кеткен елдер бар әлемде. Сондықтан да көш соңында қалып қоймау үшін Елбасы бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды міндеттеп отыр.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Ол үшін біз жастардың IT технологиялары бойынша сапалы білім алуына қол жеткізуге керек. Сол себепті де облыс әкімінің биылғы оқу гранттарының 70% IT технологиясы бойынша мамандықтарға беріледі. Өйткені, жастарымыз тек компьютерді меңгеріп қана қоймай, өздері жаңа жобаларды жасайтын деңгейге жетуі қажет. Аймақта инновациялық және бизнес бастамаларға әрдайым қолдау жасала береді. Бүгінгі жоба — «Жастар жылы» аясында жүзеге асырылуы тиіс шаралардың бірі.

«Болашақ» университетінде «IT-Echelon» бағыты бойынша арнайы оқу бағдарламасының ресми ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов осындай ойларын жеткізді. Тұсаукесер рәсіміне, сондай-ақ, облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Индира Ақжігітова, «Болашақ» университетінің ректоры Қуаныш Дәуренбеков, ақпараттық технологиялар орталығының директоры Сәбит Ибадулла қатысты. Олар IT бағытының маңыздылығы туралы кезінен әңгімелеп берді.

Болашақта IT технологиясы енгізілмейтін сала қалмайды.

Жаңа технологиялар адам өмірін жеңілдетуге, уақытын үнемдеуге көмекке келеді. Стив Джобс және басқа да мықты мамандар тек шетелдерде ғана өмірге келеді деген түсінік қалыптаспауы тиіс. Біздің жастарымыздың арасынан да сондай мықтылар шығады. Спикерлер сөзінің түйіні осы болды.

«IT-Echelon» бұл ВЕБ-қосымшаларды әзірлеудің негізгі аспектілері бойынша онлайн мүмкіндігін беретін оқу бағдарламасы саналады. Бұған қатысушылар фундаментальді аспектілер бойынша онлайн интенсивтермен веб-қосымшаларды әзірлеуді үйренетін болады. Олар сарапшыларды тандап, сонымен қатар, Қазақстанның және ТМД елдерінің, сондай-ақ, Яндекс, Mail.ru, Tinkoff секілді IT компанияларының кәсіби мамандарынан дәріс алатын болады. Бағдарламаға қатысушы барлық тыңдаушыларға өздерінің ректоры Қуаныш Дәуренбеков, ақпараттық технологиялар орталығының директоры Сәбит Ибадулла қатысты. Олар IT бағытының маңыздылығы туралы кезінен әңгімелеп берді.

Болашақта IT технологиясы енгізілмейтін сала қалмайды.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ЕРКІН ФОРМАТ

Таяуда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыс бойынша филиалы Town hall форматында кездесу өткізді. Қызметкерлердің корпоративті рухын қалыптастырып, жаңа форматы қызмет көрсетуді жақсарту мақсатымен А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Жиналғандарды еркін форматта ой бөлісуге шақыратын шарада мәселелер мен ұсыныстар талқыланды. — Мемлекеттік корпорация — еліміздің барлық аймағын қамтыған бірегей ұйым. Салада он сегіз мың адам мемлекеттік қызметтердің сапалы орындалуына үлес қосып жүр. Олардың әрқайсысының инновациялық идеясы мен ұсынысы қашанда қолдау табады. Жүзеге асқан бірнеше жоба да — осының дәлелі, — деді мемлекеттік кор-

порацияның облыс бойынша филиалы директоры Айдын Қайруллаев.

Қызметкерлерді компанияның күнделікті жұмысына белсенді аталысуға ынталандыру үшін сервистік мәдениет деңгейін жоғарылатуға жұмылдыруды мақсат еткен шарада облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов саладағы қызығарлықтарды көктем мерекесімен құттықтап, бірқатар мамандарды марапаттады.



Кабира ТІЛЕУОВА,
№212 мектеп директоры.

BILIM



ҰЛАҒАТТЫ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

Қызылорда қаласындағы №212 мектепке жарты ғасыр толды

Қай дәуірде болмасын мемлекеттің қуаты ондағы білім деңгейімен бағаланып, дамуы сол арқылы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Тәуелсіздік алған ширек ғасырдан астам уақыттан бері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясаты арқасында әлемдегі өркеніет көшін бастаған мемлекеттердің қатарына қосылу мақсатында табандылықпен еңбек етуде. Бұл орайда облыста, қалада да айтарлықтай игі істер атқарылуда. Облыс әкімі Қырымбек Кошербаевтың білім саласына айтарлықтай көңіл бөлуінің нәтижесінде соңғы жылдары аймақта көптеген жаңа мектептер көп бөтерді. Ұстаздар еңбегі бағаланып, оларға гранттар бөліне бастады. Ұстаздар қауымының беделі артып келеді.

Қызылорда қаласындағы №212 орта мектеп жуырда өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтпекші. Сонау 1969 жылы өзінің алғашқы түлектерін қанаттандырып ұшырған өрендер бүгінде жетістік белесіне жақындап қалды. Олардың бірқатары қазір елімізге, Сыр өңіріне белгілі тұлғалар. Осы орайда бүгінгі әңгімеді мектеп тарихы-

нан бастағым келеді. Ал бұл — өнегелі, ұлағатты істерге толы тарих.

Жарты ғасыр бұрын оқушылары мен педагогикалық ұжымының туын желбіретіп, білім ұжымына бастап келген алғашқы директор Мырзахмет Жетісбаев ағайынның ұлағатты ісі ел есінде ерекше аталады. Болмысы бөлек білікті ұстаз оқу ошағына 20 жыл басшылық жасады. Ол кісінің тұсында пән мұғалімдері, білім ұжымы ретінде мектебіміз облыстық

кіреберісі заманауи жөндеуден өткізілді. 1991-1998 жылдарда мектеп тізгінін ұстаған Алтынсары Шүренов жас кадрларды даярлауға баса назар аударды. Сондай-ақ, Айғани Жәліев басшылықта болған жылдары білім ошағы құрылымдық тұрғыдан өзгеріп, мектеп-гимназия мәртебесін алуға қол жеткізді. Оның тұсында мектептің материалдық-техникалық базасы анағұрлым жақсарды. Лингафон, информатика кабинеттері ашылды. Тереңдетіліп оқытылатын сыныптар көбейді. Бұдан кейінгі жылдары Сызбек Ахметов, Аскар Садықов сынды білімді азаматтар мектеп басшылығында қызмет етті. Олардың қатарында еліміз тәуелсіздік алған қиын кезеңдерде мектеп ұжымын басқарған Жолдас Нәсібеков пен Дариға Мұнарбаева есімдерін айрықша атап өткім келеді. Мен мектеп тізгінін қолға алған сәттен бастап ең алдымен оқу-тәрбие үдерісі мен шаруашылық жұмыстарының үйлесімді дамуына, ұжымның психологиялық ахуалының қалыптасуына қолдау берінуіне күш жұмсап келемін. Өзіме дейінгі ұлы ұстаздардың тәжірибесіне, өнегелі істеріне сүйеніп отырып, өзара сыйластық, талапшыл, тілеуестік жолын ұстадым. Оқушылардың он бір жыл алған білімінің сыналар кезеңі — ҰБТ-ға дайындыққа ұжым барынша жұмылдырылды. Осының нәтижесінде соңғы жылдары мектебіміз қалада алғашқы ондық қатарына енгенін айрықша атап өткім келеді. Бұл бүгінгі ұстаздардың ерен еңбегінің нәтижесі болып табылады.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасынып» дейді дана қазақ. Еліне еңбегі сінген елеулі тұлғалардың ізгі істерін ұрпақ алдында өнеге ету — бізге парыз. Уақыт тамырын дөп басып, еңбекшілікті, қажыр-қайратының арқасында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, есімдері елге танылған ұстаздар есімдерін бүгінгі мерейтой қарсаңында атап өтсем деймін. Олардың қатарында Д.Байханов, К.Тұрлығұлова, Т.Таханова, Б.Оразбақова, Н.Ким, Ж.Сұлтанова, М.Әліпбаева, Т.Мұханова, З.Жақанова, Р.Әуезова, П.Сауғанова, Ж.Бисенова, Ш.Төкенов, Г.Маликова, М.Спатаева, Ж.Нұрмағамбетов, Д.Есмағамбетов, Т.Әбдіхалықова, З.Есенбекова, Б.Смайлова, Н.Шоманова, Р.Өтегенова, Ж.Қалқұлова, А.Дүзелбаева, Н.Жүсіпбаева,

Кейін мектепті Балтабай Салқынбаев басқарған жылдары акт залы мен

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР

Елбасының бес әлеуметтік бастамасының екіншісі – жаалақысы төмен азаматтардың салықтық жүктемесін азайтуға бағытталғаны белгілі. «Жалақысы 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен төмен қызметкер үшін табыс салығының мөлшері 10 есеге азайтылатын болады. Және бұл тәртіп 2019 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енуі керек», – деген болатын Президент.

Осыған байланысты 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Салық кодексінің 341-бабы "Кірісті түзету" 49-тармақшамен толықтырылды. Жұмыскердің салық салынатын кірісі кіріс сомасының 90% мөлшерінде түзетуге жатады. Бұл тармақшаны қолдану айлық жалақысы 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын қызметкерлердің кірістеріне қолданылады. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі айлық есептік көрсеткіш 2525 теңге екенін ескерсе, аталған

талап 63125 теңгеге дейінгі мөлшерде жалақы алатын тұлғаларға қатысты болмақ.

Енді жеке табыс салығының есептелуін қарастырайық: 63125 теңгеден міндетті зейнетақы жарнасы (6313 теңге) бір ең төменгі жалақы мөлшері (42500 теңге) шегеріледі. Шыққан сома (14312 теңге) 90% түзетуге жатады (14312-12881=1431 теңге). 10% жеке табыс салығы осы соғны сомадан алынады, демек 143 теңгені құрайды (осыған дейінгі қолданыста болған заңдылықта жеке табыс салығы 1431 теңге

болған). Жеке тұлғаның бірнеше салық агентінде 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын жалақысы болса, салық салынатын кірісі әр қайсысында 90% мөлшерінде түзетуге жатады.

Өз кезегінде мемлекеттік кірістер органдары салықтық құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатында заң шеңберінде салықтық бақылау жұмыстарын жүргізуге құзыретті. Бұл бағытта камералдық бақылау, яғни салық төлеуші немесе өз қызметкерлері үшін салық агенттері табыс еткен салық есептілігін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа құжаттар мен мәліметтерді зерделеу мен талдау жүргізіледі. Камералдық бақылаудың мақсаты – мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды салық

төлеушіге дербес жоюға мүмкіндік беру.

Камералдық бақылау арқылы кейбір салық төлеушілердің салық есептілігін толтыру, тапсыруында кемшіліктер анықталады, атап айтқанда асығыс толтыру, немесе нәтижесінде салықшылармен тапсыра салу, салық есептілігінің кейбір қосымшаларын толтырмау жағдайлары кездеседі.

Кәсіпкерлер тізбегінде жеке табыс салығы декларациясының (200.00 нұсқа) 200.01 қосымшасын толтырмау, сондай-ақ қосымша құн салығында (300.00 нұсқа) айналымсы бар, бірақ жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықты нәтижесінде салықшылармен тапсыру жиі кездеседі.

А.ЖҮНІСОВА,
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

MEMORANDYM

БАЛА БОЛАШАҒЫ БӘРІМІЗГЕ МАҢЫЗДЫ

Осы жылдың ақпан айында облыс әкімдігі мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өңірде ведомстволар арасындағы ынтымақтастықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерінің кешенді моделін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асырудың Жол картасын бекітіп, бірлескен іс-шаралар туралы меморандумға қол қойған болатын.

Ғазиза ӘБИЛДА.

Осыған орай облыс әкімдігінде арнайы жиын өтті. Онда облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдешбаева осы бағытта атқарылатын жұмыстарды баян етті.

– Елбасы Н.Назарбаев кешегі өткен "Нұр Отан" партиясының кезекті XVIII съезінде әлеуметтік мәселелерге ерекше тоқталып, бұл бағытта бірқатар нақты тапсырма берген еді. Яғни, халықтың әлеуметтік жағдайы әрдайым бастан назарда болмақ. Ол үшін кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар атқарылады, – деді басқарма басшысы.

Жалпы аймақта білім саласы бойынша тұрақты қолдау шаралары қолға алынған.

Басқарма басшысының айтуынша, облыста 150 мыңнан астам оқушы бар, оның 33 процентке жуығы, яғни үштен бір бөлігі әлеуметтік қамқорлықты қажет етеді. Осыған сәйкес бүгінде аймақ басшысының қолдауымен 500-лей жас қолбасшылар, 900-нен астам жоғары оқу орындарында білім алып жатты. Сондай-ақ, осы оқу жылында демеушілер есебінен жинақталған 76 млн теңгеге 24 мыңдай оқушыға тиісті көмектер берілген.

Осы жиында облыстық білім басқармасы және "Арал балалары" қоғамдық қайырымдылық қоры арқылы балаларға арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсынуында кешенді жоспары түзілген.

келісім-шартқа екі жақ тарапынан қол қойылып, меморандум аясында атап көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру жайы талқыланды.

Айта кетейік, "Арал балалары" қоғамдық қайырымдылық қоры он жылдан астам уақыт облыстағы қиын жағдайдағы отбасы балаларына кешенді көмек көрсету шараларын атқарып келеді. Дәлірек айтсақ, осындай жағдайдағы балаларға әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-медициналық көмек беріледі. Сонымен бірге, сол отбасының тұрмыстық күрделі мәселелерін бірлесіп шешу жолдары қарастырылады. Яғни, жобаның түпкі мақсаты – қандай жағдайда болмасын, баланың өмірінде лайықты қолдау жасап, болашағын дұрыс бағыттау.

Жиын соңынан білім басқармасы және аталған қоғамдық қор "Бақытты отбасы" акциясы аясында 10 көпбалалы аяны мерекелендіріп, құттықтап, оларға арнайы сыйлықтар табыстады.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Экономикалық тергеу қызметінің жедел іздестіру шаралары нәтижесінде өткен жылы облыс орталығында жалған ақша банкноттарын жасап шығаратын жасарын пех анықталған болатын. Жуырда жалған ақша жасаушыларға сот шешімі шықты.

ЖАЛҒАН АҚША ЖАСАУШЫЛАР ЖАЗАСЫН АЛДЫ

Қызылорда қаласында орналасқан жарнама агенттіктерінің бірінің иесі Н.Түрсынбаев және бұқмеркерлік кенескерлердің біріне күзетші болып жұмыс жасап жүрген Өзбекстан Республикасының азаматы Х.Хидиров 5000 теңгелік банкноттың 132 дана қолдан жасалған нұсқасын өткізу барысында ұсталған. Жалған ақша жасау және оны өткізу туралы алдын ала сөз байласу жолымен қылмыстық әрекеттерін құрған екі азаматтың барлық кінесі толық дәлелденіп, сот үкім кесті.

Олардың екеуі де Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 231-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Б.ОРДАНОВА,
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Қазақстан Республикасының заңнамасында жәрдем-ақыларды, әлеуметтік төлемдерді, алименттерді және басқа төлемдерді аударуға арналған шоттардан ақшаны өндіріп алуға тыйым салу көзделген.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерінде сәйкес қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған кезде, банк төлем талабын қою арқылы қарыз алушының ағымдағы шоттарындағы қарыз алушының ақшасын даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алуға құқылы. Бұл ретте мұндай өндіріп алу оның ағымдағы шотындағы ақша сомасының және (немесе) қарыз алушының банктік шотына кейіннен түсетін әрбір ақша сомасының 50%-ы шегінде шектеледі.

2017 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап 2018 жылдың бірінші жартыжылдығы арасындағы кезеңде банктер заңнаманың көрсетілген талабын бұзуда жол берген. Бұл ретте, кейбір банктер қарыз алушының келісімінсіз қарыз бойынша мерзімі өткен берешек сомасында ақшаны өндіріп алушы клиент ақшасының өлуі пайынша аспайтын мөлшерде ақшаны есептен шығару бойынша шектеуді сақтамай, төлем ордері негізінде жүзеге асырған, осы үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктерге қатысты тиісті ықпал ету шараларын қолданды.

Осыған байланысты қарыз бойынша берешекті есептен шығару үшін банктердің төлем ордерін қарыз алушының келісімінсіз пайдаланудың осындай практикасын болдыр-

мау үшін Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді және қазіргі уақытта қарыз бойынша берешекті есептен шығару үшін төлем ордерін пайдалануға әрбір осындай есептен шығаруға банктік шот несінің жекелеген өкімі болған кезде ғана рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, 2019 жылғы 24 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен төлем талабы негізінде қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алған кезде жеке тұлғаның ағымдағы шоттарында республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем емес сомаларды сақталуына қатысты нормалар енгізілетін болады. Осылайша, төлем талабы негізінде қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті 50% шегінде өндіріп алған кезде банк шотында ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем емес сомалар ақша қалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында заңнамаларды және әлеуметтік төлемдерді, көмек-етке толмаған және еңбекке жарамсыз көмекетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған алименттерді, азаматтардың тұрғын үй-құрылыс жинақтарының төлемдерін, білім беру жинақтары салымсыз туралы шарт бойынша халықтың жинақ салымдарын аударуға арналған шоттардан ақша өндіріп алуға тыйым салу көзделген.

Сондай-ақ, заңнамада оларға ақша аудару мақсатында «арнайы» шоттар ашу тәртібі белгіленген.

Ұлттық Банкке жәрдем-ақылар, арнайы төлемдер және алименттер түріндегі ақшаны есептен шығару туралы қаржылық қызметтерді тұтынушылардан шағымдар келіп түсті. Өтініштерді қарау кезінде аталған төлемдер аударылған банктік шоттарды қарыз алушы олардан өндіріп алу тыйым салынған «арнайы» шоттар режимінде ашпағаны анықталды.

МАҢЫЗДЫ! Егер Сіз жәрдем-ақыларды және әлеуметтік төлемдерді, көмекетке толмаған және еңбекке жарамсыз көмекетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған алименттерді алушы болсаңыз, онда бұл жағдайда Сізге үшінші тұлғалар өндіріп алушы жүзеге асыра алмайтын «арнайы» шот ашу қажет.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында тұтынушы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдем-ақылар және әлеуметтік төлемдер түрінде ақша, алименттер (көмекетке толмаған және еңбекке жарамсыз көмекетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақша) алған жағдайда, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру аясында «арнайы» шоттар ашу қажеттілігі мәселелері жөнінде түсіндіру жұмысы тұрақты негізде жүргізіледі.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады: +7 (727) 704 585; e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

ҚР Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалы.

ТЕСТІЛЕУ КЕЗЕҢІНІҢ БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы келесіні хабарлайды: 2019 жылдың 11 наурызынан бастап Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шіелі және Жаңақорған аудандарында «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша ақысыз құрастыруға басталатынын хабарлайды. Курс кәсіпкерлікті жүргізу негіздеріне арналған.

Өз кәсібін ашықшы келетін жұмысшыларды (жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген өту талап етілмейді) және өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандарды, сонымен қатар бизнесін кеңейтуге мүдделі кәсіпкерлерді оқуға шақырамыз.

Кәсіпкерлік негіздеріне оқу-түндын қатысушылар ретінде халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуі немесе тіркелмеуіне қарамастан, барлық жұмысшылар және кәсіпкерлік әлеуеті бар және жоғарыда аталған аумақтық елді мекендерде және аудан орталықтарында тұратын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар,

жеке тұлғалар – әрекет етуші және бастаушы кәсіпкерлер (тіркелу уақытынан үш жыл мерзімі ішінде) қатыса алады.

Бағдарламаға қатысу үшін тестілеуден өту қажет және оның нәтижелері бойынша оқу топтарына іріктеу жүргізіледі. Ниет білдірушілерді Өңірлік кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдары/халықты жұмыспен қамту орталықтарына/аумақтық округ немесе елді мекен әкіміне барып өтінім мен сауалнаманы толтыруларыңызды сұраймыз.

Өзімен бірге келесі құжаттары болуы тиіс: жеке бас куәлігінің көшірмесі, мекен-жай анықтамасы, жеке несие есебі.

Оқу мерзімі 1 ай. Бағдарлама қатысушыларына шотқа тіркелген болса және оқу қорытындылары бойынша сертификат табысталады.

Толық ақпарат алу үшін келесі мекен-жайларға хабарласуға болады: Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы: Қызыл-

орда к., Желтоқсан көшесі, 42, телефон: 8/7242400981, сайт: www.palata.kz.

Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарының мекен-жайлары: Арал ауданы – Арал к., Бактыбай батыр к-сі, 46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, 9 «а» үй, тел.: 8/72438/79243;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Қоңырбаев к-сі, 36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, 47 «а» үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, 12 «а» үй, тел.: 8/72436/79179;

Шіелі ауданы – Шіелі кенті, Рысқұлов к-сі, 5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, 134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120.

Анықтама телефоны: 40-02-02, 40-09-81.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы, (120003 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан, 1 үй) активтерді (жер телімдері) сату бойынша тендердің өткізілетін туралы хабарлайды. Жер телімдерінің тізбесі:

№1 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал к., Ғани Мұратбаев көшесі, 2В учаскесі, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-147-004-1735, жалпы сомасы 2 095 000 (екі миллион тоқсан бес мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№2 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Нефтегаза көшесі, 4 «А» құрылысы, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-148-004-1272, жалпы сомасы 1 176 000 (бір миллион бір жүз жетпіс алты мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№3 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Саяжай көшесі №1, 1 учаске, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-149-003-2811, жалпы сомасы 1 669 000 (бір миллион алты жүз алты тоғыз мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№4 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Жанкожа

Нұрмұхамедұлы көшесі, 183 учаске, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-150-002-2093, жалпы сомасы 5 986 000 (бес миллион тоғыз жүз сексен алты мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№5 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Хамаза Жомартов көшесі, 26 «А» үй, 1 учаске, аумағы – 1,1824 га; кадастрлық нөмірі 10-151-003-1313, жалпы сомасы 4 221 000 (төрт миллион екі жүз жиырма бір мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№6 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Н.Ергешбаев көшесі, 3 учаске, 1 учаске, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-153-003-511, жалпы сомасы 2 063 000 (екі миллион алыш үш мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда;

№7 лот бойынша: Жер телімі орналасқан мекен-жайы: Қызылорда облысы, Шіелі ауданы, Шіелі кенті, Қожа Ахмет Ясауи көшесі, 112, 1 учаске, аумағы – 0,3 га; кадастрлық нөмірі 10-154-007-826, жалпы сомасы 3 943 000 (үш миллион тоғыз жүз қырық үш мың) теңге 00 тиын ҚҚС қоспағанда.

Танысу күні, уақыты және реттілігі: 19.03.2019ж. және 28.03.2019 ж., сағ. 13:30-дан бастап сағ. 17:00-ге дейін белгіленді.

Кепілдемелік жарнасыз. Ашық тендер арқылы сатылуға

қойылған активтердің құны, сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін он банктік күн мерзіміне 100% мөлшерінде төленеді.

Қатысушыларға қойылатын өткізу шарттары, техникалық ерекшеліктері және басқа да талаптар тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Ашық тендерге қатысуға тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сай келетін барлық қатысушылар жіберіледі.

Тендерлік құжаттама көшірмесінің топтамасын 01.04.2019 жылды қоса алғанда мына мекен-жайда: Қызылорда к., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-кабат) 417-кабинетке ашылады: Қызылорда к., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-кабат) 414-кабинет.

Қатысушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың өкілдері тендер өтінімдері салынған конверттерді ашылуына қатысуға қатыса алады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендер ақпарат құралдарының ашылуына қатысуға арналған сенімхаттары болуы тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8-701-362-2228, (7242) 55-1742, 55-1744 және тендерлік құжаттамалармен бірге abzhparagova.k@kyzylorda.kz электрондық пошта арқылы ала алады.

Қатысушылар ашық тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдер салынған конверттерді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалына мына мекен-жай бойынша: Қызылорда к., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-кабат) 417-кабинетке тапсырады (жібереді).

Тендерлік өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімі 01.04.2019 жыл сағат 17:00-ге дейін.

Тендерлік тапсырыстар салынған конверттер 2019 жылдың 02 сәуірі күні сағат 10:00-де мына мекен-жайда ашылады: Қызылорда к., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-кабат) 414-кабинет.

Қатысушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың өкілдері тендер өтінімдері салынған конверттерді ашылуына қатысуға қатыса алады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендер ақпарат құралдарының ашылуына қатысуға арналған сенімхаттары болуы тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8-701-362-2228, (7242) 55-1742, 55-1744 және тендерлік құжаттамалармен бірге abzhparagova.k@kyzylorda.kz электрондық пошта арқылы ала алады.

«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бағылу басқармасы мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген»

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
Орақбаев Ғалымжан Жәдігерұлы	Инспекция басшысы	Сәрсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60А	23-19-66
Абдразақов Исатай Омірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60А	23-89-60
Нұрмағамбетов Марат Жалапқайұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Жұма, сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60А	23-55-20
Ермағамбетов Ғабит Құдайбергеноұлы	Өлең жөніндегі уәкіл	Күнде 9.00-17.00	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60А	23-56-08

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадғы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадғы №410-V «Сыйбалы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР «Мемлекеттік қызметшілерінің әлеп кодексі» талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында

«Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-66 «Сенім телефоны» жұмыс жасайды.

ЖАРАМСЫЗ ДІП ЕСЕПТЕЛСІН

Аденов Қуаныш Қурышбековичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет м/а, Арпаб Сарынов көшесі №45 үйге (Сәулет т/а, кв 39 А, уч №27) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10:156:001:413) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылорда өңірі», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жексенбіде «Қайсар» ойыншылары «Атырау» командасын қабылдады. Биылғы чемпионаттың алғашқы ойынындағы жанкүйерлер қатарында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та болды.

Дәулет ҚЫРДАН.

«ҚАЙСАРДАН» КҮТЕР ҮМІТ КӨП



Делебесі қозған жүйріктер жасыл алаңға шыға сала шабуылға көшті. Қос команда да жеңіске ынталы. Қонақтар ойынның 2-минутында-ақ есеп ашты. Сәтті шабуылда айып алаңына бағыттанған допты атыраулық Даурен Мәжитов қақпаға сүнгізді.

Мұнан соң қайсарлықтар қанша тырысқанымен есепті теңестіре алмады. 20-минутта Тигран Барсеян тепкен доп та қақпадан кері қайтты. Асхат Тағыбергенин де шабуылы нәтижесіз болды.

Енді «Қайсар» 15 наурызда «Жетісу» командасын қабылдайды.

ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

Қызылордада Масленица мерекесі тойланды. Қысты шығарып салып, көктемді қарсы алатын славян халықтарының ежелгі ұлттық мейрамына облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының, этномәдени бірлестіктің мүшелері мен қала тұрғындары қатысты.

Мейрамгүл ОТАРАЛЫ.

«Достық үйі» алдында дәмге толы дастархан жайылып, этномәдени бірлестік мүшелері ән айтып, би биледі. Әсіресе, «Надежда» және «Сударушки» вокалды ән топтарының әндері, «Жемчужинка» және «Адажио» би топтарының флеш моб билері бұл күннің шырайын аша түсті. Сондай-ақ, тәттілер мен құймақтар көрмесі ұйымдастырылып, қонақтарға шай ұсынылды. Оған қоса алуан түрлі ойындар мен спорттық сайыстар мерекеге жиналғандарға ерекше көңіл күй сыйлады. Ал, ұлттық киім киген қауым думанның ажарын кіргізді. Сонымен бірге қуыршақты жағу рәсімін де көпшілік қызыға тамашалады.

Масленица – жаңғыру мерекесі. Яғни, қыс аяқталып, жайма шуақ көктемді қарсы алатын күн. Наурыз мерекесіне өте ұқсас келеді. Бүгінгі күнді



барлық ұлт пен ұлыс бір шаңырақ астында айрықша ықыласпен тойлап жатыр. Бірлігіміз бен ынтымағымыз жарасып, берекеміз арта берсін, – деді «Славяне» қоғамдық-

мәдени бірлестігінің жетекшісі Г.Шербакова.

Айта кету керек, Масленица – бір күн емес, апта бойы тойланады. Әрі бұл күнді тойлаудың өзіндік ерекшелігі

бар. Мәселен, дүйсенбі – кездесу күні, сейсенбі – ойын ойналады, сәрсенбі – тәтті тамақ пісіріледі. Ал, бейсенбі күні серуенге шықса, жұмада қайын енінің үйінде қонаққа барлады.

Мерекенің соңғы күні «кешірім сұрау күні» деп аталады. Ол күні бір-бірінен кешірім сұрап, ренжіскендер бір-бірімен татуласады.

КӨКТЕМГЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Көктем – жер жаңарып, көк шығып, қыстың аязы кетіп, күннің көзі ұзаратын, жер дүниенің жаңғыратын уақыты. Бұл маусым алдымен «Алғаш айту» күнінен бастау алса, онан әрі аналар күні мен жыл бастауы наурыз мерекесімен ұштасады. Осы айдағы елдің көңіл күйі де ерекше.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Халықаралық әйелдер мейрамы қарсаңында өңірде бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербететін аналар құрметіне орай түрлі шаралар өтуде. Соның бірі – С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Көктем шуағы» деген атаумен өткен суретшілер көрмесі.

Көрмеге жергілікті және республикалық суретшілердің 60-қа жуық картинасы қойылған. Бірінші залдағы суреттер наурыздағы мерекелерді сипаттаса, екінші зал тұрмыстық жанрдағы картиналардан тұрады. Ал, үшінші зал – тарихи жанрдағы картиналарды қамтыды. Залды аралап жүргенде халық шебері, қазақ театрының тұңғыш костюм-суретшісі Ләтипа Қожықова, қоғам қайраткері Сара Есованың бейнесі бейнеленген картиналар айрықша көзге түсті. Сондай-ақ, суретші И.Ағытастың «Дайындық», Б.Бөкешевтің «Балықшылар» туындысы көңілге өзгеше әсер қалдырды. Ең



кереметі осындай айтулы қылқалам шеберлерінің еңбегін екі күннің ішінде 220 оқушы келіп тамашалаған. – Көрмені ұйымдастырудағы мақсатымыз – тұрғындарға мейрамның маңыздылығы мен мәнін ұғындырып қана қоймай, жастарды бір-біріне алғыс айта білуге, аналарға құрмет көрсетуге, туған өлкеміздің тарихын тануға шақыру. Шара басталысымен қаладан басқа ауылдардан жастар көптеп келуде. Кейінгі толқынның

булай қызығушылық танытуы бізді қуантады. Көрменің бір ерекшелігі, биыл М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледж студенттерінің суреттері де халық назарына ұсынылуда, – деді С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының меңгерушісі Перизат Ашанова.

Айта кетейік, көктемнің шуақты күндерін бейнелейтін көрме 25 наурызға дейін жалғасатын болады.

ӘЖЕЛЕР ӘН САЛДЫ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қаладағы №1 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында қаланың зейнеткер ұстаз-ардагерлер жанынан құрылған «Асыл жандар» әжелер ансамблінің қайырымдылық концерті ұйымдастырылды. Шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубек Әбішов және «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Шәріп Әбдрахманов та қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әрі ұрпақтар сабақтастығын жаңғырту мақсатында көктем мерекесі – Аналар күніне орай «Ана – бақыт, Ана – өмір, Ана – жыр!» тақырыбында концерт беріп отырмыз. Жердегі бар



жаксылықтың анадан бастау алатынын ескерсек, азаматтардың жанына қалау бола білген нәзікжандыларды құрметтеу, аналарды сыйлау – біздің бұлжымас міндетіміз болуы тиіс. Осындай тәрбиелі кешке ұстаз ардагерлер де қалыспай, үнемі қатысып келеді, – дейді қалалық ұстаз-ардагерлер кеңесінің төрағасы Мылтықбай Байымбетов.

Концертте «Асыл жандар» әжелер ансамблі ұйымдастырушы, ардагер ұстаз Құрбангүл Сүлейменова орталықтағы қызмет алушы қарттарды атаулы мерекені құттықтап, сый-сияпаттарын берді.

Сонымен қатар, өз кезегінде қариялар да шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.

ОТБАСЫ – ӨМІР АЙНАСЫ

«Отан отбасынан басталады» деген қанатты сөз өзінің өміршеңдігін қашанда дәлелдеп келеді. Отбасы құндылығы – бүгінгі күннің басты тақырыбы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Ана – өмірдің шуағы» атты шара өзінің тартымдылығымен ерекшеленді. Мерекелік кеште Арықбалық ауылдық округінің әкімі Сапарбек Қуатов қоғамдағы аналар орнының маңыздылығына тоқталды.

Мұнан соң «Жастар жылы» аясында ауылдағы жас отбасылар арасында сайыс басталды. Сайысқа қатысушылар «Тегін білу – тектілік», «Отбасындағы бір күнім» атты бөлім бойынша шеберліктерін сынады.



Қазылар алқасының шешімімен мәдениет үйінің қызметкері Қаршыға Қалымбет пен Әзиза топ жарды. Ал ІІІ орынды Асхат-Сымбат (№94 мектеп

қызметкері), Медет-Алтынай (спорт кешені қызметкері) жұптары жеңіп алды.

Қазылар ауданы.



Жасыл түсті халық тракторы!
2018 жылдың бағасы! 6В тракторы барлығына керек!
Асығыңыздар, саны шектеулі!

6В СЕРИЯЛЫ ТРАКТОРЫ: 95, 110 ЖӘНЕ 139 А.К.

«John Deere» барлық компоненттері

- PowerReverser трансмиссиясы жоғары және төмен ауқымды берілісіне ие, яғни ауыр жұмыстарды орындау кезінде 15% дейін басымдық береді – 24 алға және 12 артқа.
- Ілініспе майлы ваннада – қызмет етуді қиындайтпейді.
- Гидравликалық жүйенің өнімділігі 60 л/мин. 3 СКК.
- Оператордың қабінасы тыныш және ыңғайлы.
- Қозғалыштың өнімділігі тұрақты, үздік – 1000 мотосағаттан кейін қуаттылығы дәл сондай.
- Майлау материалдарын ауыстыру және техникалық қызмет көрсету кезеңдері ұзақ мерзімді.
- Тірекме, аспап агрегаттар және фронталды тиегішпен жұмыс.
- AutoTrac Universal автоматты рудің басқару опциясы.

АНАЛОГҚА ҚАРАҒАНДА, 30% ӨНІМДІ ЖӘНЕ ҮНЕМДІ!

Eurasia Group №1

010000, Астана қаласы, Қазан көшесі, 1/1, «Time» бизнес-орталығы, моб. +7 701 972 47 07, e-mail: marketing@eurasia.kz

JOHN DEERE



АКЦИЯ!

БІР УАҚИТТА 6135В УШ ТРАКТОРҒА САТЫП АЛСАНҒЫЗ ЕМОРОССИ VIGOR 200 ФРОНТАЛДЫ ТИЕГІШ СЫЙҒА БЕРЕМІЗ (Италия).